



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

барысында екі елдің тағдыры шешілетіндіктен олардың мойнына ауыр жүк артылады. Екі тарап арасында белгілі бір көлемдегі шарттар мен талаптар қойылатындықтан тапқырлық пен жағдайды жете түсіне білген елшілер өте жағары бағаланады, сұрған байланысты дәрежесіде арта бермек. Сонымен қатар елшілер керемет психолог болуы шарт. Және ол қарсыластың жағдайын шамамен болсын болжай білуі тиіс. Әрбір сөйлеген сөзі екі тарапқада қолайлы жағдайға әкелуі мақсат.

Дастанда сөз қадірінің елші үшін қаншалықты маңызды екендігі айтылады. Дипломатиялық қатынастарда анық әрі аз сөйлеу арқылы, көптеген жетістіктерге жетуге болады. Сонымен қатар елші патша орнына кейбір шешімдерді де қабылдай білгені жөн. Бірақта қойылып отырған шарттардан бектің хабардар болғаны маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Әдеби жәдігерлер» 5 том; А.:Таймас, 2007.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.М. Казахстан летопись трех тысячелетий. А.: Рауан, 1992.
3. Әтемова Қ.Т. IX – XII ғасырдағы ұлы ойшылдардың отбасы тәрбиесі туралы ой – пікірлер. Астана, 2007
4. Жарықбаев Қ., Озғанбаев Ө., Қазақ этнопсихологиясына кіріспе. А.:Астана Медиа Пресс, 2014.

ӘӨЖ: 94 (574)

## **ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

**Тоқтыбаева Анель Асылханқызы**

**[toktybaeva.anel@mail.ru](mailto:toktybaeva.anel@mail.ru)**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де,  
болашақтың дидарын көзге елестету үшін де  
кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»  
Н.Ә.Назарбаев

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші болып табылады. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасып, ар-ұждан, адамның өзін-өзі бағалау өсіп және адами құндылықтарының сапалары арта түседі. Ал, бұл болса адамды мейірімділікке, ізгілікке, қайырымдылыққа баулиды. Осындай игі қасиеттерді еліміздің ертеңі жас ұрпақтың бойына сіңдіру, адамгершіліктің негізін қалыптастыру аса қажет. Бұл ретте қазақ зиялыларының руханилықты қалыптастыруда болашақ ұрпақ еншісіне қалдырған мәңгілік рухани қазынасы өшпес мұра.

Осы жолда халқына адал қызмет еткен қазақ зиялылары қалыптасу барысында төрт кезеңді бастан кешірді деуге болады. Ол 1850-1905жылдар аралығындағы бірінші кезең ағартушы зиялыларды қамтиды. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап Ресейдің ғылым ордаларынан, ойшылдарымен ой-пікір, көзқарастарын бөліскен Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Шәкірім Құдайбердіұлы сынды ұлт зиялылары қазақ

даласында білім-ғылымның дәнін септі. Ал екінші кезең 1905-1922жылдары ортаға шыққан қазақтың Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов сынды қазақ зиялылары халықты оқу-біліммен сусындатып қана қоймай, қоғамдық саяси сананың оянуына бар күш-жігерлерін жұмсады. Бұл кезеңде алаш қайраткерлері ағартушылық дүмпу лебін, қарқынды қозғалысты әкелді. Үшінші кезеңді 1922-1991жылдары Кеңестік кезеңде кеңес үкіметі аясында еліне еңбек еткен қазақ зиялылары қалыптасты. Олар Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Қаныш Сәтпаев, Ермұхан Бекмаханов сынды қазақ зиялылары Кеңестік идеологияның солақай саясатына қарамастан, қазақ халқының құндылықтарын сақтап қалуы жолында еңбек етті. Төртінші кезең еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1991 жылдан беріні айтамыз. Олардың зиялық міндетті өзінен бұрынғы өткен үш толқын зиялылардың міндетінен біте қайнасып жатты.

Әсіресе, алғашқы екі кезеңдегі қазақ зиялыларының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында жалпыадамзаттық маңызға ие пәлсафалық мәселелер адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы, тағы басқа мәселелердің де көтерілгенін айтуға болады. Кейінгі екі толқын алдыңғы ағартушыларымыз салып кеткен сара жолды жалғастырды.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың ұстанымында-жаман менен жақсының, білім-ғылым мен надандықтық таласы, ұлт тағдырына пйдалы мен зиян құбылыстардың қайшылықтары қамтылды. Бұл халықтың санасын оятып, өркениет биігіне шақырған шығармаларында көрініс тапты. Абай Құнанбаев «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.» [1].

Қазақ зиялылары адам бойындағы даралық қасиетке айырықша мән берді. Осылайша кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретін де қарай білді. Сондай-ақ адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалап, бағамдай білді. Қазақ зиялылары білім мен ғылымсыз қазақтың сана-сезімін ояту мүмкін емес екендігін жете түсінген болатын.

Шәкірім Құдайбердіұлы «Адамдық борышың-халқыңа еңбек қыл» десе [2], Жүсіпбек Аймауытов: «Ғылымды кісінің білімі де күшті, білегі де күшті, надан кісі осал, құр қол кісі сияқты алыса кетсе айдалы, азулы кісі нашар кісіні алып соғатыны апанық. Бұлай болған соң басқаның аузында кетпей, тіршілік қылайын деген жұрт мәденилікке жармаспасқа шарасы жоқ» деп жазды [3, 120 б.]. Осылайша екі ойшылда халқына адал қызмет қыл, халықты алға тартып, оған рух беру және ел болудың өзегі білім-ғылымда екенін баса айтады.

Алаш қайраткерлерінің сонау ХХ ғасырдың басында тіл туралы айтылған ой-пікірлері бүгінгі ғасыр басында да өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де үлкен маңызға ие. Өйткені, қазіргі қоғамымызда тіл саласында әлі де болса қайшылықтар бар. Тіл мәселесі турасында Ахмет Байтұрсынұлы «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» өткір жазған болатын. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Біздің болашақ тағдырымыз не болмақшы? біздің алдымызда ең алдымен қазақ халқының тәуелсіз өмір сүру сүрмеуі, болу болмауы басты мәселе болып тұр. Өзіміздің дербестігімізді сақтап қалу үшін біз барлық күш-жігеріміз бен қуат-құралымызды оқуағарту мен жалпы мәдениетке ұмтылуымызға жұмсауымыз, ең алдымен, ана тілінде әдебиетті дамытуға күш салуымыз қажет. Мынаны естен ешқашан шығаруға болмас: тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» [4, 45 бб.] дей келіп, орыс және татар тілдерінде оқыған қазақтар қазақ тілін менсінбейтін болды, бүйте берсе қазақ тілімен қоштасып, қазақтың ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар, сол үшін қазақ тілі н өркендетуіміз керек деп қазақ қоғамында орын алып отырған ащы шындықты ашық жазған болатын. Міржақып Дулатов халқына қызмет қылуды өзінің бар күшін, өмірін аямайтынын былайша жеткізеді:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! [5, 91 б.].

Бұл өлең жолдарынан Міржақып Дулатовтың мақсаты – халқының тағдырына ара түсу, елі үшін еңбек етуге, бел бұғандығын анық байқаймыз.

Қазақ зиялыларының алдымен ден қойып, қызмет еткен саласы-оқу ағарту ісі болды. Олар бұл бағытта жаңа оқулықтар, оқу құралдарын дайындауды, саяси және көркем әдебиеттерді басып шығару істерін қолға алды. Мәселен, Қазақстанның мемлекеттік баспасы жанынан Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен, 1920 жылы желтоқсанда құрылған оқулықтар мен саяси және Ұлт зиялыларың алдымен ден қойып, қызмет еткен саласы-оқу ағарту ісі болды. Олар бұл бағытта жаңа оқулықтар, оқу құралдарын дайындауды, саяси және көркем әдебиеттерді басып шығару істерін қолға алды. Мәселен, Қазақстанның мемлекеттік баспасы жанынан Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен, 1920 жылы желтоқсанда құрылған оқулықтар мен саяси және көркем әдебиеттер шығару редакциялық алқасына Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Хайретдин Болғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты Алаш қайраткерлері мен Смағұл Сәдуақасов кірген. Оқу ағарту комиссариатының жанынан құрылған Академиялық Орталық болды. Қазақ АССР-інде құрылған мұндай орталықтың жетекшісі Ахмет Байтұрсынов болса, Түркістан АССР-інің Академиялық орталығын Халел Досмұхамедов басқарды. Осы орталықтың тапсыруымен қазақ зиялыларың мектептер және басқа оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шықты.

Мәселен, А. Байтұрсыновтың өзі бірнеше рет басылып шыққан «тіл қорларының» авторы болды. М. Жұмабаев «Педагогика», Ж. Аймауытов «Психология» тб оқулықтар жазған. Қалай болғанда да 20-шы жылдары ұлттық интеллигенция оқу-ағарту ісінде, әдебиет пен ғылымда шешуші рөл атқарғаны анық. 1922 жылы Орынборда ашылған қазақтың халық ағарту институтында сол кездегі ұлттық білімді азамттары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев тағы басқалары сабақ берген.

Сәкен Сейфуллин қазақтағы пролетарлық әдебиеттің негізін салушылардың бірі болды. Жазғыруға болмайды, себебі ол өз халқының азаттық жолындағы таңдауы Кеңес өкіметі деп білді. С. Сейфуллин сол кезде қазақ ауылынан шыққан талапты жастарды оқуға тартып, олардың болашағына ерекше ықпал етті. Енді ғана құрылып, жатқан жаңа өнердің талантты тобына да қамқорлық көрсеткен [6].

Әдебиет тарихын дәуірлеудің келесі бір нұсқасы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» байқалады. Еңбектің «Жазу әдебиет» бөлімінде: «Қазаққа жазу дін мен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде олар көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған»-деп жазба әдебиетінің алғашқы дәуірі дінмен байланыстырылды. Қазақстанда 1928-1938 жылдардың арасында 105 мың адам тұтқындалып, 22 мыңы атылып кетті. Қырғынға ұшырағандардың басым көпшілігі ең алдымен елдің сана-сезімінің иесі-зиялылар, оқығандар еді [7].

Зиялылардың халыққа қамқоршы болуы жөнінде ұзақ айтуға болады. Экономиканы өркендету жолында қамқөңіл болған кезде бір нәрсені анық айтуға тиіспіз. Қазақ жерінің асты мен үстінің байлығы оның мәдениетін, рухани дүниесін көркейткен уақытта ғана азаттық пен теңдікке қызмет етеді. Ал ол мақсатқа жеткізбеген байлық-ұлттықтың соры, әрі-беріден соң жауы. Өйткені байлыққа қызыққандар сені езіп-жаншып жүре береді, әйтпесе алдап-сулап арқаға қағып қан-сөлінді білдірмей сорып алады, біз мұның екеуін де басмыздан өткіздік. Сондықтан

қазақ байлығы оның сорына жарқылдамай, адамгершілігін аспандату, елдігін нығайту үшін жұмыс істеуі керек. Осы міндет те те зиялылардың мойнында.

Қазақ өркениетінде ерекше орын алған билер тарих сахансынан зиялықтың үлгісін көрсетіп өтті. Билердің көрнекті өкілдерінің ғұмырынан біз олардың халықшыл, әділет жолындағы күрескерлер, мемлекет қайраткерлері, бейнесімен бірге ойшыл-философ әдет-ғұрып, дін-шартиғат заңдарына жетік, үздік шешен, кейде ақын жырау, кейде батыр-қолбасшы сынды әмбебап қасиеттері мол арыстар болғандығын көреміз. Билердің басты қызметі-ел бірлігін сақтау, дау-дамайларды өршітпей, парасатты әрі әділ төрелігін айтып елді бітістіру еді. Қазақ зиялылардың міндеттері де осы [8].

Қорыта келгенде, қазақтың басын қосып, жеке ұлттық мемлекет жасаймыз деп бел байлағанда, ұлт бойындағы қайталана бермейтін болмыс, асқақ рух, бай тарих алаш қайраткерлерінің қиялына қанат бітіріп, жігерлендіре түсті. Қазір әлемдік жаһандану үдерісі кең құлаш жайған шақ. Осындай аласапыран уақытта ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз. Себебі, бұл дүниелер біздің негізгі діңгегіміз. Ал, жоғарыда аталған, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты әрбір қазақ зиясылысы қалпын қалап, қалыптастырды. Сондықтан қазақ зиялыларының тарихтан алатын орны ерекше. Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық»-деп жазды академик Манаш Қозыбаев. Онда зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып, топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркениетке қосқан үлесі қандай?-деген сияқты келелі сауалдарға жауап беруіміз керек деп ойлаймын. Ал, ол үшін ең алдымен зиялы қауым тарихымен айналысар жас буын тарихшыларды тәрбиелеуіміз керек. Одан кейін еліміздің болашағы жас ұрпақ біздердің борышымыз деп білемін. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасында ұлт мүддесі, ұлттық патриотизм, адамды құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтар, халықтың салауаттылығы, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жолдары, қазақ халқының адамзат көшінде лайықты орын табу, ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі - басты тақырыптардың біріне айналғанын айқын көреміз. Ізгілік пен адамгершілікке негізделген қазақ зиялыларының туындыларында гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері баса бейнеленді. Кеңес үкіметінің солақай саясат салдарынан тұмшаланған ұлттық патриотизмді, ұлттық мүддені жаңғыртты. Бүгінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтың және көптеген басқа қазақ зиялыларының еңбектері Қазақстан Республикасының білім саласындағы бағдарламаларға енгізіліп мектептерде әртүрлі пәндер аясында өтілуде. Қазақ зиялыларының көзқарастары, мақсаттары, мүдделері қазіргі жан-жақты жаһандану кезеңінде айшықтала түсуде, әрі айқындап отыр. Қазақ зиялыларының өткен өмір жолдары мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылық мұрасы қоғамның рухани өресін өсіруге, қазіргіден де биік белеске көтеруге негіз болады деп ойлаймын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абай .Шығармалары.Т.1.Өлеңдер мен аудармалар.- Астана; Фолиант, 2011.-456 б.
2. Құдайбердіұлы Шәһкәрім. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының толық жинағы. Халықаралық Абай клубы. 2006. 167 б.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары, 5 томдық жинағы. – Алматы, 1999. 5 том. 120 б.
4. Дулатұлы Міржақып. Ахмет Байтұрсынұлы (өмірбаяндық очерктен үзінді) // Ана тілі. – 1991. – 24 қаңтар, 45 бб.
5. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. 91 б.
6. Дүкенбаева.З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. Алматы 2015.43 б.
7. Кәкішев Т.Қазақ зиялылары. Алматы. 2011. 124 б.
8. Дүкенбаева.З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. Алматы 2015.43 б.

ӘӨЖ 923.85

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: АЛАШ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ»

**Тлеубердинова Айгерим Есболовна**

*ms.tleuberdinova@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, 1 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.А.Ахметшина

Қазақстандағы ұлттық мемлекеттік идеялардың қалыптасуы Алаш қозғалысы идеясынан және Алаш партиясының бағдарламасынан бастау алады. Алаш партиясының бастау көздері, Алашорда үкіметінің саяси рөлі және қазақ зиялыларының халық бостандығы жолындағы күресін және олардың ғылыми саяси еңбектерінің маңызын зерттеудің қажеттілігі өзекті болуда. Алашорда үкіметінің саяси процестегі ақ гвардияшылдармен және Кеңес үкіметі арасындағы қарым-қатынастары, Алаш зиялыларының Алаш қозғалысындағы рөлін зерттеудің маңыздылығы артуда. Қазақ автономиясын құрған Кеңес Үкіметі емес, Алашорда Кеңесі мен Алашорда Үкіметі болатын. Алашорда Үкіметі 1917 жылдың желтоқсан айында құрылды, ал 1919 жылдың желтоқсан айында оны Кеңес Үкіметі ресми мойындады. 1919 жылдың сәуірінде А.Байтұрсынов Қазақ Өлкелік революциялық комитетінің мүшесі болып бекітілді. 1920 жылы қазанда Қазақ АССР-і болып өзгертіліп, әкімшілік атқару комитеті қайта құрылды [1, 528 б].

Ұлт зиялыларының тәуелсіздік алуға ұмтылу идеясы 1917 жылы желтоқсан айында құрылған Алашорда үкіметінің құрылуынан көрініс табады. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отаршылықтың нәтижесінде елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен таныстыруға ұмтылды.

Алаш партиясы - қазақтың тұңғыш ұлттық - демократиялық партиясы (1917-1920). Қазақ зиялылары қоғамдық сұранысқа сай партия құру әрекетін 1- орыс революция жылдарында (1905-1907) қолға алды. 1905 жылдың соңына қарай Оралда өткен қазақ облыстары өкілдерінің съезі «Қазақ конституциялық демократиялық партиясы құру туралы» шешім қабылдады. 9 адамнан тұрған оның ОК мен бағдарламасы жөніндегі хабар «Фикер» газетінде жарияланды. Орталық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында пайда болған бұл алғашқы әрекеттер саяси партия құрумен аяқталған жоқ, өйткені оған қажетті алғышарттар қалыптаса қоймаған болатын. Қазақ зиялылары тарапынан жалпыұлттық саяси партия құру әрекеті 1913 жылы тағы да бой көрсетті. М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан зиялылар ең өзекті мәселелерді талқылап, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдамаларға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Бірақ қазақ даласында орнаған қатаң әскери-орталық тәртіппен есептесуге мәжбүр болған Бөкейханов мұндай әрекеттерге көшуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Саяси партия құру үшін қажетті алғышарттар тек 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты. Алғашқы жалпықазақ съезін өткізу үшін «Қазақ» газеті жанынан құрылған ұйымдастыру бюросы күн тәртібінде «Қазақ саяси партиясын жасау мәселесін» ұсынды. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдайды: «Қазақ халқының өз алдында саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шурай исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізгі